тіркеу № 179
«16» қазан 2023 жыл

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің
2023 жылғы «13» қазандағы
№12 шешімімен бекітілді

**«БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге өзгерістер**

«БЖЗҚ» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылғы 28 қазандағы №10 шешімімен бекітілген «БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге мынадай өзгерістер енгізілсін:

5-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«5. Қызмет Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң), «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қор қызметін реттейтін басқа да заңнамалық және заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерін, Қор қызметкерлерінің Корпоративтік әдеп кодексін, Қордың уәкілетті органдарының шешімдерін, осы ережені және Қордың басқа да ішкі нормативтік құжаттарын өз қызметінде басшылыққа алады.»;

8-тармақтың бірінші сөйлемі мынадай редакцияда баяндалсын:

«Басшы жұмыста уақытша болмаған жағдайда (еңбек демалысы, іссапар, уақытша еңбекке жарамсыздық және т.б.) оның лауазымдық міндеттерін орындау Басшының ұсынысы бойынша Қордың Басқарма Төрағасының бұйрығы негізінде Қызмет қызметкерлерінің біріне жүктеледі.»

**Басқарма Төрағасы** **Курманов Ж.Б.**

**«БЖЗҚ» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызмет туралы ережеге Өзгерістер**

| Лауазым атауы | Аты-жөні | Қолы | Ескерту |
| --- | --- | --- | --- |
| Қызметкерлерді басқару департаментінің директоры | Г.Джилкибаева | | |
| Тәуекел менеджмент департаменті директорының м.а. | К.Ткишев | | |

Осымен қағаз жеткізгіштегі туынды құжаттың электрондық нұсқада келісілген құжатқа сәйкес келетіндігін растаймыз.

Әзірлеуші:
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс басқармасының бастығы __________________________А. Жукенова
*(қолы)*